

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық Комитетінің Хатшылығындағы Қазақстан Республикасына бекітілген квотаға сәйкес лауазымға кандидатураны бекітуге ұсыну туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 шілдедегі N 716 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1678 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1678 Қаулысымен.**

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 14 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық органдарының лауазымды адамдары туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті Хатшылығының Қазақстан Республикасына бекітілген квотаға сәйкес Кеден ісі және шекара мәселелері жөніндегі департаменті басшысының орынбасары лауазымына Сәуле Марланқызы Пірімбетованың кандидатурасын бекітуге ұсыну туралы ұсынысы **ма қ ұ л д а н с ы н .**

2. "Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық Комитетінің Хатшылығындағы Қазақстан Республикасына бекітілген квоталарға сәйкес лауазымға кандидатураны бекітуге ұсыну туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1050 қаулысының 1-тармағының күші **ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*